


РЕЗИНОВЫЕ И ПЛАСТМАССОВЫЕ ИЗДЕЛИЯ ЯНВАРЬ-ИЮНЬ 2024



192,7
МЛРД ТГ



98%
ИФО

- Производство пластмассовых плит, листов, труб и профилей
- Производство строительных пластмассовых изделий
- Производство пластмассовых упаковок для товаров
- Производство прочих пластмассовых изделий
- Производство резиновых изделий

\$89,1

МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт **78,1%**

отп **21,9%**

\$1 239


МЛН



РЫНОК


\$969,9

МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-май 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛН ТЕНГЕ

2024 жылғы қаңтар-маусымағы резеңке және пластмасса өнімдері

2024 жылғы қаңтар-маусымда резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру көлемі **192,7 млрд. теңгені** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткіштен **8,3%-ға** төмен.

Талданып отырған кезеңде резеңке және пластмасса бұйымдарының өндірісінде негізгі үлесті пластмасса тақталар, табақтар, құбырлар мен профильдер – **43,2%**, құрылыс пластик бұйымдары – **19,8%**, тауарларға арналған пластик қаптамалар – **16,4%**, өзге де пластик бұйымдар – **13,3%**, өзге де резеңке бұйымдар – **7,3%** құрады.

Талданып отырған кезеңдегі **нақты көлем индексі 98%** құрады, бұл келесі тауарлық позициялар өндірісінің төмендеуімен байланысты: конвейерлік (транспорттерлік) таспалар және резеңкеден жасалған жетекті белдіктер (-21,4%); пластмассадан жасалған, арматураланбаған немесе өзге материалдармен (-9,2%) біріктірілмеген тақталар, табақтар, пленка, фольга және жолақтар, құбырлар, түтіктер, резеңке құбыртүтіктер мен шлангілер (-5,8%).

2024 жылғы қаңтар-мамырда құндық мәнде резеңке және пластмасса өнімдерінің **экспорт көлемі** 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **47,1%-ға** төмендеп, **89,1 млн. АҚШ долларын** құрады. Резеңке және пластмасса тауарларының негізгі көлемі **Ресейге (71,8%)**, **Қырғызстанға (11,1%)** және **Өзбекстанға (8,4%)** экспортталды.

Резеңке және пластмасса тауарларының **импорты** 2024 жылғы қаңтар-мамыр айларында **969,9 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **3,5%-ға** төмен. Резеңке және пластмасса тауарларының негізгі импорты **Қытайдан (32,7%)**, **Ресейден (32,0%)** және **Германиядан (3,6%)** келді.

2024 жылғы қаңтар-мамырда резеңке және пластмасса бұйымдары **нарығының көлемі 1 239,0 млн. АҚШ долларын (554,8 млрд. теңге)** құрады, бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **2,1%-ға** көп. Өндірістің құндық мәнде төмендеуі байқалады, **ОТӨ үлесі 21,9%** құрады. Импорттық өнімнің үлесі **78,1%** құрады.

2024 жылғы қаңтар-мамырда резеңке және пластмасса бұйымдарын өндірудің ең көп көлемі **мынадай өңірлерде байқалады**: Алматы облысы (21,3%), Астана (16,5%) және Алматы (11,8%) қалалары, Қарағанды (8,6%) және Ақтөбе (6%) облыстары.